



## Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2020 – 2022 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 306 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 5768 болып тіркелді.

**Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 14-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-бабының 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2020 - 2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 9154939,3 мың теңге:
  - салықтық түсімдер – 1111031,8 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 17174 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 71356 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 7955377,5 мың теңге;
- 2) шығындар – 9990426,3 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 438968 мың теңге:
  - бюджеттік кредиттер – 445241,4 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 6273,4 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:
  - қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1274455 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1274455 мың теңге:
  - қарыздар түсімі – 1109391,3 мың теңге;
  - қарыздарды өтеу – 6273,4 мың теңге;
  - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 171337,1 теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 11.09.2020 № 376 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 06.11.2020**

№ 390 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 23.11.2020 № 393 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Тайынша ауданының кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 52-бабына сәйкес салықтық, салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін.

3. 2020 жылға арналған аудандық бюджеттен облыстық бюджетке салық түсімдерінен жалпы сомасын бөлу мынадай мөлшерлерде белгіленсін:

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша - 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша - 100 пайыз;

4. 2020 жылға арналған аудан бюджетіне салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу белгіленсін:

әлеуметтік салық бойынша - 100 пайыз.

5. Аудандық бюджетке аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының қарыздарынан түсетін түсімдер есепке алынады деп белгіленсін.

6. 2020 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 23224 мың теңге сомасында бекітілсін.

7. Мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне жалақының төленуі толық көлемде қамтамасыз етілсін.

8. 2020 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының еңбек ақысын ұлғайтуға;

мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтарының еңбек ақысын ұлғайтуға;

мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге;

көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, оның ішінде:

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

ымдау тілі маманының қызметтерін көрсетуге;

техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар тізбесін кеңейтуге;

Spina bifida диагнозы бар мүгедек балаларға арналған бір реттік қолданылатын катетерлермен қамтамасыз етуге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

кепілдік берілген әлеуметтік пакетті төлеуге;

еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға, оның ішінде:

ақпараттық жұмысқа;

жалақыны ішінара субсидиялауға;

жастар практикасына;

көшуге субсидиялар беруге;

тұрғын үй жалға алуға (жалдауға) және коммуналдық шығындарды өтеуге;

жұмыс берушілерге субсидияларға;

қоныс аударушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттарға (100 айлық есептік көрсеткіш);

қоныс аударушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттарға (200 айлық есептік көрсеткіш);

халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет ұсынатын қызметкерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Красная Поляна ауылында сумен жабдықтаудың оқшау көзінің құрылысына;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Ильичевка ауылында өсімдік майын өндіру бойынша зауыттың құрылысына;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы "BioOperations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің объектілеріне электрмен жабдықтаудың сыртқы желілерінің құрылысына;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы "BioOperations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электрмен жабдықтаудың сыртқы объектілерін қайта жөндеуге ;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы "BioOperations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің суағар және су тарту құрылғыларының құрылысына (алаңнан тыс электрмен жабдықтау желілерінсіз);

Тайынша қаласында кентішілік жолдарды орташа жөндеуге;

Чкалово ауылында кентішілік жолдарды орташа жөндеуге;

Келлеровка ауылында кентішілік жолдарды орташа жөндеуге;

Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 10.06.2020 № 371 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. 2020 жылға арналған облыстық бюджеттен аудан бюджетіне берілетін трансферттер көлемі көзделсін, оның ішінде:

оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің ұзақтығы күнтізбелік қырық екі күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын күнтізбелік елу алты күнге дейін ұлғайтуға;

жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы жұмысы үшін бастауыш,

негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге;

мектептердің педагог-психологтарының лауазымдық айлықтарының мөлшерлерін ұлғайтуға;

жаратылыстанушылық-математикалық бағытының пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін қосымша ақы төлеуге;

магистр дәрежесі бар мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

жас мұғалімдерге тәлімгерлігі үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру қызметкерлеріне дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің ұзақтығы күнтізбелік қырық екі күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын күнтізбелік елу алты күнге дейін ұлғайтуға;

терроризмге қарсы қауіпсіздікке - білім беру объектілерін бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етуге;

аудан мектептері үшін автокөлік сатып алуға;

аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға (жиһаз, спорттық мүкәммал);

эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізуге;

қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Мироновка ауылында тарату желілермен сумен жабдықтаудың оқшау көзінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Мироновка ауылында тарату желілермен сумен жабдықтаудың оқшау көзінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Вишневка ауылында тарату желілерімен сумен жабдықтаудың оқшау көзінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Вишневка ауылында тарату желілермен сумен жабдықтаудың оқшау көзінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Ильичевка ауылында тарату желілермен сумен оқшау жабдықтаудың оқшау көзінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Ильичевка ауылында тарату желілермен сумен жабдықтаудың оқшау көзінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Келлеровка ауылында сумен жабдықтау жүйесін дамытуға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Келлеровка ауылында сумен жабдықтау жүйесін дамытуға жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізуге;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы "BioOperations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің суағар және су тарту құрылғыларының құрылысына (алаңнан тыс электрмен жабдықтау желілерінсіз);

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласында шағын футбол алаңдарын жайластыруға;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы "BioOperations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің объектілеріне электрмен жабдықтаудың сыртқы желілерін салуға;

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданындағы "BioOperations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электрмен жабдықтаудың сыртқы объектілерін қайта жөндеуге ;

спорт ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын ұлғайтуға;

BilimMediaGroup қашықтықтан оқыту үшін білім беру порталының қызметтерін төлеуге;

"Үздік білім беру ұйымы" грантын беруге.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 10.06.2020 № 371 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 11.09.2020 № 376 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

9-1. Осы шешімге 5-қосымшаға сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2019 жылы республикалық және облыстық бюджеттерден пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару есебінен 2020 жылға арналған аудандық бюджет шығыстары көзделсін.

**Ескерту. Шешім 9-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 02.04.2020 № 348 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

10. Облыстық бюджеттен 2020 жылға арналған аудан бюджетіне берілетін бюджеттік субвенция 4374784 мың теңге сомасында белгіленсін.

11. 2020 жылға арналған аудандық бюджеттің шығыстарында аудандық бюджеттен ауылдық округтердің бюджетіне берілетін субвенция 483446 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

- Абай - 18040 мың теңге;
- Алабота - 11934 мың теңге;
- Амандық - 13318 мың теңге;
- Большеизюм - 12609 мың теңге;
- Донецк - 14068 мың теңге;
- Драгомиров - 12191 мың теңге;
- Зеленогай - 13544 мың теңге;
- Келлер - 46672 мың теңге;
- Киров - 18419 мың теңге;
- Краснополян - 11464 мың теңге;
- Летовочный - 20582 мың теңге;
- Миронов - 15911 мың теңге;
- Рощинск - 12119 мың теңге;
- Теңдік - 11471 мың теңге;
- Тихоокеан - 10274 мың теңге;
- Чермошнян - 24443 мың теңге;
- Чкалов - 37669 мың теңге;
- Яснополян - 21514 мың теңге;
- Тайынша қаласы - 155204 мың теңге.

11-1. 2020 жылға арналған аудандық бюджеттің шығыстарында аудандық бюджеттен ауылдық округтердің бюджетіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 96431,4 мың теңге сомасында қарастырылсын, оның ішінде:

- Абай ауылдық округіне 828 мың теңге сомасында;
- Алабота ауылдық округіне 3867 мың теңге сомасында;
- Амандық ауылдық округіне 4960,5 мың теңге сомасында;
- Большеизюм ауылдық округіне 4209 мың теңге сомасында;
- Донецк ауылдық округіне 4518 мың теңге сомасында;

Драгомиров ауылдық округіне 3568,6 мың теңге сомасында;  
Зеленогай ауылдық округіне 1384 мың теңге сомасында;  
Келлер ауылдық округіне 12758,5 мың теңге сомасында;  
Киров ауылдық округіне 1348,8 мың теңге сомасында;  
Краснополян ауылдық округіне 5124 мың теңге сомасында,  
Летовочный ауылдық округіне 5217 мың теңге сомасында;  
Мироновка ауылдық округіне 2199 мың теңге сомасында;  
Рошинск ауылдық округіне 4437,3 мың теңге сомасында;  
Теңдік ауылдық округіне 748 мың теңге сомасында;  
Тихоокеан ауылдық округіне 1297 мың теңге сомасында;  
Чермошнян ауылдық округіне 3327 мың теңге сомасында;  
Чкалов ауылдық округіне 7352 мың теңге сомасында;  
Яснополян ауылдық округіне 8646,7 мың теңге сомасында;  
Тайынша қаласына 20641 мың теңге сомасында.

**Ескерту. Шешім 11-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 02.04.2020 № 348 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 11.09.2020 № 376 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 23.11.2020 № 393 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

12. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен 2020 жылға арналған аудандық бюджетте бюджеттік кредиттер ескерілсін.

13. 2020 жылға арналған аудан бюджетін атқару процесінде осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

14. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихаты  
сессиясының төрайымы*

*М.Актаева*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы  
мәслихатының хатшысы*

*К.Шарипов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының  
2019 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 306 шешіміне 1-қосымша

## 2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 11.09.2020 № 376 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 06.11.2020 № 390 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 23.11.2020 № 393 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы	Кіші сыныбы		
		1) Кірістер	9154939,3
1		Салықтық түсімдер	1111031,8
	03	Әлеуметтік салық	605868
	1	Әлеуметтік салық	605868
	04	Меншікке салынатын салықтар	213575,9
	1	Мүлікке салынатын салықтар	210718,9
	5	Бірыңғай жер салығы	2857
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	207793,2
	2	Акциздер	4920
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	186165
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	16565
	5	Ойын бизнесіне салық	143,2
	08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	83794,7
	1	Мемлекеттік баж	83794,7
2		Салықтық емес түсімдер	17174
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	14253
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	8687
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	7
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	5559
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	2921
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2921
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	71356
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	33420
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	33420
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	37936
	1	Жерді сату	36000
	2	Материалдық емес активтерді сату	1936



4		Трансферттердің түсімдері	7955377,5
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	45,9
	3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	45,9
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	7955331,6
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	7955331,6
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
		2) Шығындар	9990426,3
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	401099,9
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	20676,8
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20676,8
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	172963,6
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	150902,5
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6543,5
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	15517,6
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	155904,5
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25660,9
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10672
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	119571,6
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	51555
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	47271
	003	Салық салу мақсатында мүлкті бағалауды жүргізу	1785
	010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1249
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	950
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	300
02		Қорғаныс	20796,3
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	20796,3

	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	11554
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	8074
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1168,3
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	4673
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4673
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	4673
04		Білім беру	5789504,5
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5728494,2
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28643
	003	Жалпы білім беру	5052420
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	50213
	006	Балаларға қосымша білім беру	55324
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	213
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	109318
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	17702
	022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	417
	023	Әдістемелік жұмыс	19081
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	11737
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	178064
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	204242,2
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1120
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	51421
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	51421
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	9589,3
	022	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	9589,3

06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	616953,4
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	594491,4
		001 Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34603
		002 Жұмыспен қамту бағдарламасы	187109,1
		005 Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	93920
		006 Тұрғын үйге көмек көрсету	713
		007 Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	74726,6
		010 Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1096,1
		011 Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2349
		014 Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	116829
		023 Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	47302
		050 Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	35843,6
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	22462
		030 Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	19771
		031 Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	2691
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	885387,4
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	33960
		070 Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	33960
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	138136,1
		003 Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	1944
		017 Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	235
		026 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	123172
		028 Коммуналдық шаруашылығын дамыту	12785,1
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	713291,3
		004 Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	1500
		058 Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	303975,3
		098 Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	407816
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	791899,3
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	211958,1

	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12449
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	35852
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	113810
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1125
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	42257,1
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	6465
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	35498
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16931
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	11221
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	7346
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	19426
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12058
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	374
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6494
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	500
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	525017,2
	008	Спорт объектілерін дамыту	514476
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	10541,2
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	91650,5
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12759
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	12759
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	60162
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	39141
	009	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	21021
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	18729,5
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18376
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	353,5
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	23426,7

472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	23426,7
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20536,7
	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	2890
12		Көлік және коммуникация	244948,9
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	244948,9
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	20318,1
	037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	3165
	051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	221465,8
13		Басқалар	598240,2
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	551720,2
	055	"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	551720,2
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	32424
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	32424
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	14096
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14096
15		Трансферттер	521823,3
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	521823,3
	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	755,3
	038	Субвенциялар	483446
	054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	37622
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	438968
		Бюджеттік кредиттер	445241,4
06		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	389570,4
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	24803,3
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент бюджеттеріне кредит беру	24803,3

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	364767,1
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент бюджеттеріне кредит беру	364767,1
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	55671
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	55671
	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	55671
Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	6273,4
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	6273,4
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	6273,4
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-1274455
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1274455
7		Қарыздар түсімдері	1109391,3
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	1109391,3
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	1109391,3
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
14		Борышқа қызмет көрсету	22,9
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	22,9
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	22,9

16		Қарыздарды өтеу	6273,4
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6273,4
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	6273,4
Санаты			Сомасы,
	Сыныбы	Атауы	мың
	Кіші сыныбы		теңге
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	171337,1
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	171337,1
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	171337,1

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының  
2019 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 306 шешіміне 2-қосымша

## 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
		1) Кірістер	5469631
1		Салықтық түсімдер	1031546,1
	03	Әлеуметтік салық	546712,7
	1	Әлеуметтік салық	546712,7
	04	Меншікке салынатын салықтар	252648
	1	Мүлікке салынатын салықтар	239648
	5	Бірыңғай жер салығы	13000
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	215974,4
	2	Акциздер	5402,3
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	191000
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	18852,8
	5	Ойын бизнесіне салық	719,3
	08	Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	16211
	1	Мемлекеттік баж	16211
2		Салықтық емес түсімдер	12323,1
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	9256
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	9250
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	6
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	3067,1

	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3067,1
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	37771,8
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	19756
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	19756
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	18015,8
	1	Жерді сату	18000
	2	Материалдық емес активтерді сату	15,8
4		Трансферттердің түсімдері	4387990
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4387990
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4387990
Функционалдық топ			
